

Дүйсенов Б. Д.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетіні Шығыстану
бөлімінің магистранты

«КИДАБ АД-ДУРРА» (XIV ғ.) ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ

Мақалада XIII-XIV ғасырларда Мысыр (Египет) мен Шамда (Сирия) түзілген Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Кілімті сөздер: мәмлүк, ортағасыр түркі тілдері, аффикстер, морфология, жазба ескерткіштер, арабша-қыпшақша сөздік.

Түркітану ғылымында көне және орта түркі ескерткіштерін зерттеу қажеттілігі ешқандай күмән тудырмайды. Жазба ескерткіштер тілін меңгеру – жалпы халықтық және әдеби тілдің даму тарихының өзекті проблемаларын зерделеу үшін өте қажет [1,5]. Бұл зерттеу жұмысында XIII-XIV ғасырларда Мысыр (Египет) мен Шамда (Сирия) түзілген Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері қарастырылады. Соның ішінде «**Китабу-д-дуррати-л-мудаййати фий-л-луғати-т-туркиййати** ‘ала-т-тамам уа-л-камал» **كِتَابُ الدَّرَةِ الْمُضِيَّةِ فِي اللُّغَةِ "التركيَّة" عَلَى التَّمَامِ وَالْكَمَالِ** «Түрік тілінің жарқыраған інжу-маржаны, әрі толық жазылып біткен кітап» деген атпен түркологияға танымал болған, XIV ғасырда Мысыр (қазіргі Египет) елінде Мәмлүк қыпшақтары тілі туралы түзілген арабша-қыпшақша сөздігінің қорындағы лексемалардың қазіргі қазақ тіліне туыстық, жақындық деңгейлері қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде бұл жазба ескерткіш профессор Ә. Құрышжанұлы мәліметіне сәйкес, «Түрік тілінің жарқыраған інжу-маржаны, әрі толық жазылып біткен кітап» деген атпен, ескерткіш туралы энциклопедиялық үлгіде берілген жалпылама және тағы да басқа ғалымдардың қысқаша деректермен танылды [2, 362-363].

Дегенмен, аты аталып отырған бұл жазба ескерткіші қазірге дейін Орта Азия түркілері тіліне, оның ішінде ескі қыпшақ тілінің тарихи жалғасы болып табылатын қазақ тілінің тарихына қатысты зерттеу нысанына алынған емес. Ал, әрбір өскелең өркениетке ұмтылған ел өз мәдениетінің, соның ішінде ділінің, тілінің тарихи қалыптасу жолына үнемі назар аударып отыратындығы адами және қоғамдық қатынастардың негізгі бір категориясы болып табылады.

Жазба ескерткіш мәтінінде берілген ескі қыпшақ сөздері 1) түбір немесе 2) туынды түбір формасында қолданылған. Түбір сөздер, сондай-ақ туынды түбірлер ортағасырлық ескі қыпшақ тілі айтылымында берілген. Бірақ бірқатар

сөздердің айтылымы оғыз тілдеріне қатысты болып келеді, мысалы: dam **صَام** шатыр (3a,10)¹, diz **دِيْز** тізе (13b,6).

Жалпы алғанда, зат есімдер тобына жататын түбір сөздер жазба ескерткіште бір буынды тұлғада қолданылған (Мәмлүк қыпшақтарына қатысты басқа ескерткіштерде де солай кездеседі), мыс.: aš **أَشْ** ас (22b,2), boz **بُوْظ** боз (жылқы) (8b,2), bu **بُوَا** бұ(л) (3b,6), ay **أَي** Ай (2a,13), ayu **أَيُوَا** аю (7b,7), ay **أَي** ай (24a,12), ay **أَف** аң (4b,16), bay **بَاي** бай (14a,12), bil **بِيْل** бел (13a,14), bey **بَاي** бей (22a,6), at **أَط** ат, жылқы (8a,9), beg **بَاК** бек (14a,2), bal **بَال** бал, ара балы (6b,9), but **بُوْط** пұт, бұт (13b,6), cān **جَان** жан, рух (13b,4) және т.б.

Жазба ескерткіш тіліндегі туынды түбірлер сөзден сөз тудырушы аффикстердің көмегі арқылы, яғни аффиксациялану жолымен жасалынған. Бірқатар түбір сөздердің құрамындағы аффикстер байырғы буындар немесе силлабофонемалар болып табылса, кейбір аффикстер ортағасырлық сөз қолданысының, яғни ауызекі тілдің ықпалы болып келеді. Бұл ретте де жалпы түркі тілдеріне ортақ сөзжасам заңдылықтарының сақталатындығы байқалады, мысалы: avuĉ «алақан, уыс» (13a,12) тұлғасы «Құдатғу білік» дастанында да осы мағынаға жақын, осы дыбысталу формасында қолданылған, қараңыз: avuĉ «горсть» [3,70]. Бұл тұлғаның қалыптасу тарихын силлабофонемалық a + v түбірі мен **uĉ (iĉ//iĉ)** қалпындағы етістік мағыналы түбір сөздің кіріге тіркесуі арқылы қалыптасқан деп шамалауға болады. Қолжазбада кездесетін alǵiġ «алғыс, дұға, бата» (4b,14) сөзі де күрделі даму жолынан өткен байырғы түркі лексемасы болып табылады, қалыптасу формасы көне түркілік «alig» қимыл атауы + **iġ//iġ** тұлғасының кірігуі арқылы жасалынған. Сөз тұлғаларының кірігуі барысында алғашқы түбір құрамындағы **ы (i)** фонемасы түсіп қалған, қараңыз: ALĪQ I. своеволие [3,35]. Қолжазбадағы aquna «жарыс арбасы» (3a,6) тұлғасы ескі қыпшақ ауызекі тілінің ықпалы арқылы жасалынған, сөздің негізгі тұлғасы байырғы түркілік «AQ» [3,48] етістігінің ауыспалы мағынада қолданылуы арқылы жасалынған. Сөздің кейінгі дамуы барысында туынды «aqui» тұлғасына күрделі құрамды **-n + a** аффиксі жалғануы арқылы жасалынған. Бұл аффикс көне түркілік ARQUN «скакун» лексемасының құрамында кездеседі. Қолжазба мәтінінде кездесетін ašaq (ašiq) «бас киім» – дулығаның бір түрі болуы мүмкін (11a,9) тұлғасы Махмуд Қашғарида осы формада, бірақ «тау бөктері» (подножие горы) мағынасында қолданылған. Ескі қыпшақ ауызекі тілінің әсерімен сөздің бастапқы буыны айтылым барысында қысқаруға ұшыраған, яғни сөздің бұл тұлғасы ұқсату заңдылығы бойынша жасалынған. Қолжазбада осы іспетті тарихи тұрғыдан алғанда күрделі сөз болып табылатын, бірақ ескі қыпшақ тілінде негізгі, тұрақты түбір түрінде қолданылған бірқатар лексемалар кездеседі, мысалы: boǵaz **بُوْغَاْز** бұғақ, кеңірдек (13a,8), boǵı **بُوْغِي** керней (11b,4), boynuz **بُوْیُوْز** мүйіз (7b,2), bozza **بُوْظَة** боза – сусын түрі (4a,9), аймақ (3a,12), budaq **بُوْدَاق** бұтақ (5b,13), budur **بُوْدُر** бұдыр (3b,14), buǵav **بُوْغَاو** бұғау (9a,2), ĉekirdek **شَاكِرْدَكْ** дән, дәнек (5b,2), ĉekirge **شَاكِرْكَ** шегіртке (8a,2), ĉekirge **شَاكِرْكَ** шегіртке (9b,8), ĉeküĉ **شَاكِرْج** шекіс, шекісу (10a,14), ekin **اَكِيْن** егін (5a,7; 6a,13),), ısiǵ **اِصِغ** пайда, кіріс, түсім (4b,10), quyu **قِيِي** құдық (4a,2), kǵıd **كَاغِد** қағаз

¹Жақша ішіндегі цифр және әріп қосындысы арқылы берілген шартты белгілер жиынтығы қолжазбаның бетін, ал олардан кейін үтір арқылы берілген араб цифрлары қолжазбадағы жолдардың реттік қатарын білдіреді.

(21a,12), keyik كَايِكْ жабайы (7b,13), kiriš كِرِشْ кіріс (садаққа байланысты) (11a,9), setege جَمَا еңбекақы, жалақы (23a,4) және т.б. Бұл лексемалардың шығуы, қалыптасуы, даму тарихы түркологиялық арнайы еңбектерде қарастырылып та, айтылып та жүр.

Қолжазбада берілген зат есімдердің және бір тобын мынадай лексемалар құрайды, қараңыз: arvana آرَوَانَا аруана (7a,11), borç بُرُجْ борыш, kilit كِلْتْ кілт (9b,11), kâğıd كَاغِضْ қағаз (10b,4), kirez كِرَازْ шиіе (черешня) (5b,4), çetük چَاتُكْ мысық (8a,4), çetlevük چَتْلَاوُكْ фисташки (5a,14), buscaq بُجَاقْ көше, kinci كِنَجِيْ күнжіт (6a,11). Бұл лексемалар Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің барлығында кездеседі. Ортағасырлық түркі тілдерінің сөздік қорында жиі қолданылғанымен кірме сөздер болып табылады.

Қолжазба тіліне қарағанда Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде түбір зат есімнің туынды түбірін түзетін **-liq//lik** аффикстерінің қолданылғандығы байқалады, қараңыз: ağaçlıq اَغَاشْ لِقْ орманшылық (6a,2), aşlıq اَشْ لِقْ азық үшін пайдаланылатын бидай (6a,13), aydınlıq اَيْدِنْ لِقْ ай сәулесі, ай нұры (2a,13), yeşillik يَشِيْنْ لِكْ көкөніс (5a,7). Жалпы алғанда бұл лексемалардың мән-мағынасын тап басып, дәл анықтау мүмкіндігі жоқ. Дегенмен лексемалардың түбір мағынасымен салыстыра қарағанда **-liq** аффиксінің көптік мәнге ие екендігі байқалады. Бұл көптік мән түбір сөздің негізгі мағынасымен байланысты, ал **-liq//lik** аффиксі осы мәнді жалпы процестік, қимылдық мағына ретінде нақтылайды. Бұл аффикс еліктеуіш сөздерден туынды түбір зат есім жасағанда даралық мәнге ие жалпы есімдер құрамында жұмсалады, қараңыз: kıklık كِكْلِكْ кекілік (12a,8), жасалу үлгісі: еліктеуіш сөз + аффикс. Осы аффикстің **-luq** вариантының және қатаң дауыссыздан басталатын **-luq** аффиксінің дара мәнде нақтылау мағынасын беретін түрі де кездеседі, қараңыз: qolluq قَوْلُوقْ қолтық, білек қапсырмасы атауы (11b,8), qoltuq قَوْلُوقْ қолтық (13a,10). «Кейбір түркологтар **-лық** жұрнағының этимологиясын ұйғыр тіліндегі «толы» мағынасында жұмсалатын **лық** сөзімен байланыстырады. Э.В. Севортянның көрсетуінше, бұл пікірді алғаш рет өзінің «Ұйғыр тілінің грамматикасы» деген еңбегінде А.К.Боровков ұсынады да, кейін «Башқұрт тілінің грамматикасы» деген еңбегінде Н.К.Дмитриев қайталайды. «Дәл осы «толы» мағынасында армян тілінде де **лық** тұлғалы сын есімнің болуы мәселені қиындата түседі және **лық** сөзінің сөз тудырушы **-лиг** жұрнағына қатысын ашу үшін әлі де болса қосымша деректер керек сияқты», - дейді Э.В. Севортян» [4, 12].

Қолжазбада кездесетін қосымшалардың және бірі – **-şaq//-şiq** аффиксі, мысалы: ağırşaq (ağırşiq) اَغْرِشَاقْ ұршық (10a,2), езулік, жіңішке варианты **-çek**, мысалы: keršek كَرَشَاكْ «керек, керекті» (20b,8), könçek كُنْجَاكْ көншек, көйлек-көншек (12b,2). Бұл аффикс түбірге жалғана отырып, көптік мәндегі немесе жиі қайталанатын іс-әрекетті білдіреді, жаңа мағынаға ие туынды түбір жасайды және етістік түбірінен туынды зат есім түзе отырып, түбірге жиі пайдаланылатын зат, нәрсе ұғымын береді, қараңыз: emçek (emecek) اَمَجَاكْ емшек (13a,16). Қолжазба мәтінде кездесіп отырған **-suq//-şuq** аффиксі де түбірге жалпылық мағынасын бере отырып туынды түбір зат есім түзеді, қараңыз: bağarsuq بَغَارْصُوقْ ішек-қарын, жылы-жұмсақ (13b, 2), dumşuq دُمَشُوقْ тұмсық – құс тұмсығы (12a,12).

Қолжазбада зат есімнен туынды зат есім түбірін жасайтын қосымшалар қатарында **-č, -če; -či, -či** аффиксі қолданылған, қолжазба мәтінінде байырғы түркі лексемалары құрамында ғана қолданылады, қараңыз: čöm(i)čče جُومَجَّةُ шөміш, ожаудың бір түрі (10b,6), demüričči دَمُورِجِي темірші (18a,4), kömügičči كُومُورِجِي көмірші (18a,4), bardaqičči بَرْدَاقِ جِي (құмыра жасайтын ұста) (18a,10). «**-чы** жұрнағының бұл мағынасы қазіргі түркі тілдерінің кейбіреулерінде күні бүгінге дейін сақталып қалған. Ұйғыр тілінің лобнор диалектісінде чайчі – житель села Чай. Қырғыз тілінің ичкилик говорында алойчы – алаец. Қазіргі қазақ тілінде қалашы, базаршы формасында айтылатын сөздер бар» [4, 19]. Мұндай туынды түбірлер қаралып отырған ескерткіш мәтінінде өте жиі кездеседі, басқадай Мәмлүк жазба ескерткіштерінде кездеспейді. Туынды тұлғаның жасалу жолы есімді сөз тіркесі – аффикс үлгісіне құрылған, мысалы: bardaqičči < bardaq + ič + či. Алғашқы келтіріліп отырған čöm(i)čče лексемасының құрамындағы **-mč** дауыссыз дыбыстар тіркесін көне түркі тілінде жиі қолданылған **-нч** қатаң дауыссыздар тіркесінің ескі қыпшақ ауызекі тілінде **н (ы)** қыстырынды дауысты дыбыстың және үнем заңы әсерінен туындаған аллофондық варианты.

Қолжазбада берілген лексемалар құрамында етістіктердің заттануы арқылы жасалынған зат есімдер де кездеседі, мысалы: kesek كَسَاكُ кесек (нан тілімі) (6b,7). Бұл туынды түбір kes инфинитивіне **-ek** аффиксінің жалғануы арқылы түзіліп отыр. Қолжазбадағы čiček چِيچَاكُ бәйшешек (гүл) (5a,7) лексемасы да осы үлгіде түзілген. Мұндағы čič түбірінің көне мағынасы – «рассеиваться», «распространяться» [5,143], ал жоғарыдағы мысалдар аффикстің мәндік аясы кеңіп, жалпылық және нақтылық мәндерге ие болғандығын көрсетеді.

Қолжазба мәтінінде keumek كَيْمَاكُ киім түрі (11a,11), barmaq بَرْمَاقُ бармақ (13a,12), mercimek مَرْجِمَاكُ жасымық (6a,9), avlamaq أَوْلَمَاقُ аңшылық (12a,14), išmek إِشْمَاكُ ішімдіктер, сусындар (6b,3), qaumaq قَايْمَاقُ қаймақ (6b,5) сияқты лексемалар құрамында **-maq//mek** аффиксі қолданылады. Бұл мысалдарға қарағанда **-maq//mek** аффиксі етістіктерден жалпылық мәнге ие туынды зат есімдер түзеді.

Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде қолданылған байырғы түркі және кірме сөздер фонологиялық сөйленіс ерекшеліктерімен анықталады. Қолжазбада берілген, Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілде қолданған лексемалардың қолданылуы, туынды түбірлердің жасалу жолдары түбір, туынды түбір лексемалардың буындық, морфологиялық (сөзжасам) ерекшеліктері қазақ тіліне өте жақындығымен көзге түседі.

Әдебиеттер

1. Курышжанов А.К. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». А., 1970, С.5.
2. Құрышжанұлы Ә. «КИТАБ әд-ДУРРА әл-МУДИЙА ФИ-л-ЛУҒАТ ат-ТУРКИЙА УӘ-л-КАМАЛ» // Түркістан халықаралық энциклопедия, Алматы, 2000.

3. Древнетюркский словарь. Л., 1969.

4. Ә.Керімұлы. Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр). Алматы, 1999, 12-бет.

5. Құрышжанұлы Ә. Көмеков Б.Е. Дүйсен С. Ж. Ескі қыпшақ тілі, Алматы, 2007, 66 б.

Аннотация

Рассматриваются уровни родственного соотношения с современным казахским языком лексем арабско-кыпчакского словарного фонда, образованного на языке кыпчакских мамлюков. Как известно, они правили в Египте в XIV веке. Производные корни на языке письменных памятников образованы с помощью словообразующих аффиксов, то есть путем аффиксации. Если аффиксы, содержащиеся в некоторых корневых словах, являются исконными слогами или же силлабофонами, то это ассимиляция аффиксов на средневековое словоиспользование, то есть влияние просторечия. Всесторонне анализируются производные корни существительных.

Ключевые слова: Мамлюк, средневековые тюркские языки, аффиксы, морфология, письменные памятники, арабско-кыпчакский словарь

Abstract

The article examines levels of related correlations lexemes of Arabo-Qipchaq lexical fund, formed at the language of Qipchaq Mamluks with the modern Kazakh language. Mamluks governed Egypt in XIV century. The derivative roots at the language of epistolary monuments were formed with the help of formative affixes, i.e. by means of affixation. If affixes that are kept in some root words are original syllables or syllabophonemes, then it is an assimilation of affixes for medieval word usage, i.e. country speech influence. The derivative roots of substantives are analyzed comprehensively.

Keywords: Mamluk, medieval Turkic languages, morphology, writing sites, the Arab-Kipchak dictionary